

Радиоактивті сәулелену көздерінің импорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 28

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Алматы темекі компаниясы" акционерлік қоғамына Hauni LNI Electronics SA (Швейцария) және Philip Morris Инженерлік қызметтерінің арасындағы 1997 жылғы 23 қазандағы N 007 келісім-шартқа сәйкес Алматы темекі компаниясы үшін стронций-90-ға негізделген (әрқайсысының қуаты 20мКи) сигарет штрангін толтыру тығыздығын айқындайтын аспапта қолданылатын 5 радиоактивті сәулелену көзін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен тиісті лицензия берсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі